

Іргелі ауылдық округінің Көксай және Кемертоған ауылдарының көшелеріне атау беру туралы

Алматы облысы Қарасай ауданы Іргелі ауылдық округі әкімінің 2025 жылғы 13 қарашадағы № 2 шешімі

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес , Іргелі ауылдық округі Көксай, Кемертоған ауылы халқының пікірін ескере отырып және 2025 жылғы 11 маусымдағы Алматы облыстық ономастикалық комиссиясының қорытындысы негізінде, Қарасай ауданы Іргелі ауылдық округ әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Іргелі ауылдық округінің Көксай ауылының көшелеріне келесі атаулар берілсін:
 - 1) Көксай ауылының атауы қайталанатын Береке көшесіне "Садықхан Дүйсенбаев" көшесі;
 - 2) Көксай ауылының атауы қайталанатын Арай көшесіне "Әлім Тутадзе" көшесі;
 - 3) Көксай ауылының атауы қайталанатын Ақсай көшесіне "Білял Жақұбаев" көшесі;
 - 4) Көксай ауылының атауы қайталанатын Тәуелсіздік көшесіне "Сәрсенбай Керімтаев" көшесі.
2. Іргелі ауылдық округінің Кемертоған ауылының көшесіне келесі атау берілсін:
 - 1) Кемертоған ауылының атауы жоқ көшеге "Дәулетқұл Әбдиев" көшесі.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Іргелі ауылдық округ әкімі

А. Камалбек